

# KASE АПТАЛЫҒЫ

17 – 21 ақпан, 2025

## KASE ЖАҒАЛЫҚТАРЫ

- KASE Tabadul Hub халықаралық сауда-саттық алаңына [қосылды](#).
- KASE 2024 жылдың қорытындысы бойынша ерекше көзге түскен [биржа мүшелерін](#), [листингілік компанияларды](#) және [белсенділік танытқан БАҚ өкілдерін](#) марапаттады.
- KASE 2023 жыл бойынша жасалған жылдық есептер конкурсының [қорытындысын шығарды](#).
- KASE биржа нарығының 2025 жылғы қаңтардағы жұмысының [қорытындысын жариялады](#).
- KASE ресми тізіміне "Сейф-Ломбард" ЖШС-ның үш шығарылымдағы [облигациялары](#) мен Еуропалық қайта құру және даму банкінің [XS3004202225](#) (EBRDe27) халықаралық облигациялары қосылды.
- Айналым мерзімінің аяқталуына байланысты "Home Credit Bank" АҚ-тың [KZ2D00008356](#) (HCBNb8) облигациялары, "Birinshi Lombard" ЖШС-ның [KZ2P00010952](#) (MFBLb3) облигациялары, Еуразия даму банкінің [KZ2D00010881](#) (EABRb47) облигациялары мен АҚШ қаржы министрлігінің [US91282CDZ14](#) (US\_39\_2502) халықаралық облигациялары KASE ресми тізімінен шығарылды.
- KASE-де "Mogo Kazakhstan (Mogo Қазақстан)" МҚҰ" ЖШС-ның [KZ2P00013329](#) (MFMOb17) облигацияларымен сауда-саттық ашылды.
- KASE-де Еуропалық қайта құру және даму банкінің [XS2655869530](#) (EBRDe19) және Азия даму банкінің [XS2507222904](#) (ASDBe11) халықаралық облигацияларымен сауда-саттық қайта басталды.
- "First Heartland Jusan Invest" АҚ-қа BI Development Ltd жеке компаниясының KZ2D00012531 (BIGDb2) облигациялары бойынша маркет-мейкер мәртебесі [берілді](#).
- "Фридом Финанс" АҚ-қа "ОнлайнКазФинанс" МҚҰ" АҚ-тың KZ2C00011906 (MFOKb21) облигациялары бойынша маркет-мейкер мәртебесі [берілді](#).

## ОРНАЛАСТЫРУ НӘТИЖЕЛЕРІ

- Қазақстанның Қаржы министрлігі 63,7 млн MEYKAM [KZKD00001079](#) (MUM216\_0002), 29,8 млн MEYKAM [KZKD00000790](#) (MUM180\_0011), 50,5 млн MEYKAM [KZKD00000618](#) (MUM180\_0007), 71,5 млн MEYKAM [KZKD00001194](#) (MUM180\_0016) және 51,5 млн MEYKAM [KZKD00001152](#) (MUM132\_0007) орналастырды.
- Қазақстанның Қаржы министрлігі MEKKAM [KZK100000373](#) (MKM012\_0160) орналастырып, 52,1 млрд теңге қаражат тартты.
- "Азық-түлік келісімшарт корпорациясы" ҰК АҚ KZ2C00010023 (PRKRb9) облигацияларын орналастырып, 16,1 млрд теңге [тартты](#).
- "ОнлайнКазФинанс" МҚҰ" АҚ жазылу арқылы KZ2C00013241 (MFOKb23) үшжылдық облигацияларын орналастырып, 5,0 млрд теңге [тартты](#).
- "Қазақстанның орнықтылық қоры" АҚ [KZ2C00012086](#) (KFUSb82) және [KZ2C00012383](#) (KFUSb90) облигацияларын орналастырып, 6,2 млрд теңге тартты.

## ЭМИТЕНТТЕРДІҢ ЖАҒАЛЫҚТАРЫ МЕН АНОНСТАР

- "Қазақстан Халық Банкі" АҚ US46627J3023, US46627J2033 (HSBKd) Жаһандық депозитарлық қолхаттарды кері сатып алу бағдарламасы аясында меншікті бағалы қағаздарымен жасалған мәмілелер туралы ақпарат [берді](#).
- "Эйр Астана" АҚ акциялар мен ЖДҚ кері сатып алу бағдарламасының бірінші кезеңінің аяқталғанын [хабарлады](#).
- "Азиялық Несие Қоры" микроқаржы ұйымы" ЖШС 2024 жыл бойынша әлеуметтік есебін [тапсырды](#).
- "Bereke Bank" АҚ-тың атауы [өзгерді](#).



21.02.2025	Трендтер (%)		
KASE Индексі	5 608,46	0,9	-2,4
<b>Өтімділіктің бірінші сыныбы</b>	<b>Бағасы</b>	<b>Δ 7к</b>	<b>Δ 1а</b>
Intel Corporation	25,92	12,5	17,8
АО "БАСТ"	4 985,00	12,2	- 30,6
АО "Эйр Астана"	776,70	9,7	- 2,1
АО "Казактелеком"	44 600,00	4,2	- 8,4
АО "ForteBank"	7,90	3,8	12,1
NVIDIA Corp.	138,50	1,8	- 1,3
АО "KM GOLD"	70,73	1,6	2,0
АО "Национальная компания "КазМунай"	13 483,00	1,3	- 8,9
Occidental Petroleum Corp.	13 483,00	1,3	- 8,9
Advanced Micro Devices, Inc.	114,20	1,2	- 6,4
АО "Народный Банк Казахстана"	260,59	1,2	- 3,7
Apple Inc.	245,80	1,2	9,2
АО "Банк ЦентрКредит"	2 670,00	0,9	0,6
The Coca-Cola Company	70,00	0,6	10,1
Tesla, Inc.	357,33	0,4	- 15,1
АО "Кселл"	3 433,50	0,1	0,7
АО "КЕГОС"	1 488,00	0,1	- 1,6
АО Kaspi.kz	53 918,00	- 0,6	4,2
АО "Национальная атомная компания "Т"	19 422,00	- 0,7	- 3,1
Ford Motor Company	9,60	- 1,0	- 7,7
Citigroup Inc.	81,70	- 1,9	0,7
Freedom Holding Corp.	156,85	- 2,0	20,5
АО "КазТрансОйл"	797,00	- 2,4	- 4,6

Анықтама: жасыл түспен индекстік акциялар белгіленген

Жергілікті акциялар нарығы оң динамиканы көрсетті. Өткен аптада KASE индексі 1%-ға өсіп, 5 608 тармақ деңгейінде жабылды.

Ең үлкен өсімді Эйр Астана акциялары көрсетті, олардың құны 10%-ға қымбаттады. Акцияларды кері сатып алу бағдарламасының 1-кезеңінде ұлттық әуе тасымалдаушысы \$8,2 млн сомасына бағалы қағаздарын кері сатып алды. Яғни 4 млн акция: қызметкерлерді ынталандыру бағдарламаларын қолдау мақсатында 3 млн және 343 мың ЖДҚ (1,3 млн акция) сатып алды. Қызметкерлерге акция тапсыру бірінші рет 2025 жылдың 17 ақпанында өтті.


Жаһандық депозитарлық қолхаттарды кері сатып алу бағдарламасы аясында Халық банкі 10-14 ақпан аралығында \$1,7 млн сомасына 85 мың меншікті акциясын кері сатып алды. ЖДҚ сатып алу бағасы \$19,33-дан \$20,00-ға дейін болды. Банктің акциялары 1,2%-ке өсті.

Сонымен қатар KASE индексіне кіретін басқа қаржы компаниялары акцияларының бағасы әртүрлі динамика танытты: ЦентрКредит Банкі акцияларының нарықтың бағасы 0,9%-қымбаттаса, Kaspi.kz акцияларының бағасы 0,6%-ға түсті.

KASE индексінің телекоммуникациялық секторы акцияларының динамикасы да әртүрлі: Қазақтелекомның 1 акциясының бағасы 44 596 теңгеге дейін өсті, ал Кселл акцияларының бағасы өзгерген жоқ.

Қазмұнайгаз ұлттық компаниясы мұнай қоры 800 миллион тонна болады деп болжанған жер қойнауын зерттеп жатыр. Сондай-ақ компания Қазмұнайгаздың Теңіз кен орнындағы үлесі артуы мүмкін екенін хабарлады. Осы жаңалықтар аясында компания акцияларының бағасы 0,9%-ға көтерілді.


ҚазТрансОйл акцияларының қарқыны керісінше болды, 1 акция үшін 797 теңге болып, 2,4%-ға арзандады.






Ақша нарығында TONIA біркүндік репосын тарту мөлшерлемесі көтеріліп, аптаның қорындысы бойынша жылдық 14,76%-ды құрады. АҚШ долларындағы біркүндік валюталық своп операцияларының кірістілігі бір аптада жылдық 10,22%-ға дейін төмендеді.


### Инфляция және пайыздық мөлшерлеме



### ҚР ҰБ ноталарын орналастырудың негізгі параметрлері



### Тәуекелсіз қысық кірістілігі





Қаңтар айының қорытындысы бойынша теңге бағамы 1,3%-ға, бір АҚШ доллары үшін 518,2 теңгеге дейін нығайды. Қазақстан қор биржасындағы сауда-саттықтың орташа тәуліктік көлемі бір айда 254 млн АҚШ долларынан 227 млн АҚШ долларына дейін төмендеді. Сауда-саттықтың жалпы көлемі 4,5 млрд АҚШ долларын құрады.

Қаңтар айында Ұлттық қордан валютаны сату 850 млн АҚШ долларын құрады, бұл республикалық бюджетке трансферттер бөлуді, сондай-ақ "Талдықорған-Үшарал" магистральдық газ құбырын салу жөніндегі инфрақұрылымдық жобаны қаржыландыруды қамтамасыз етуге мүмкіндік берді. Ұлттық қордың сату үлесі сауда-саттықтың жалпы көлемінің 19 % немесе күніне шамамен 43 млн АҚШ долларын құрады.


Үкіметтің республикалық бюджетке трансферттер бөлуге арналған алдын ала болжамды өтінімдері бойынша ақпан айында Ұлттық Банк Ұлттық қордан 550-ден 650 млн АҚШ долларына дейінгі мөлшерде валюта сатуды күтеді.

Қаңтарда Ұлттық Банк зейнетақы активтерінің инвестициялық портфеліне АҚШ долларын сатып алған жоқ. Ақпан айында БЖЗҚ-дан валюта сатып алу жоспарланбайды.

Қаңтарда Ұлттық Банк бұрын отандық алтын өндіруші кәсіпорындардан сатып алынған Алтынды сату нәтижесінде алынған АҚШ долларын ішкі валюта нарығында сатуды көздейтін айна тетігін енгізу туралы шешім қабылдады. Осы шешім аясында қаңтар айында 244 млрд теңге зарарсыздандырылды. Осы мақсатта ақпан айында шамамен 250 млрд теңге баламасында валюта сатылады деп күтілуде.


**Шетел валюталарының бағамы**

**динамикасы**  
Δ %, база (01.01.24)



Бағасы	Δ 7к, %	Δ 3к, %	Δ 2024, %
GBPKZT 635,42	2,02	-2,42	13,27
USDKZT 502,47	1,45	-5,27	8,02
EURKZT 525,83	1,43	-4,48	5,85
CNYKZT 69,26	1,58	-4,96	3,18
RUBKZT 5,68	4,41	6,43	-12,44

**Brent мұнай құны**  
USD/баррель



Анықтама: Кесте мен сызба ҰБ арнайы нарық бағамы негізінде жасалған. ҰБ бағамы KASE бағамымен айырмашылығы болуы мүмкін.



Халықаралық индекстер

Атауы	Мәні	Тренд %			Фьючерс 7к
		7к	1а	1ж	
S&P 500	6 013,13	-1,7	-1,2	18,2	-1,7
Dow Jones	43 428,02	-2,5	-1,7	11,2	-2,6
PTC	1 173,12	5,6	23,1	10,2	
ММВБ	3 283,29	3,1	10,5	4,5	
Hang Seng	23 477,92	3,8	18,7	40,2	3,5
SS CSI 300	3 978,44	1,0	4,8	14,1	1,1
Euro Stoxx 50	5 474,85	-0,3	5,2	12,8	-0,4
FTSEuroFirst	6 007,50	-0,3	4,3	13,3	-0,3
FTSE 100	8 659,37	-0,8	1,3	12,7	-0,6
KASE	5 608,46	0,9	-2,4	20,8	

Шикізат нарығы

21.02.2025

Атауы	Бағасы	Тренд %		
		7к	1а	1ж
Мұнай (Brent)	74,43	-0,4	-5,8	-11,0
Мұнай (WTI)	70,40	-0,5	-6,7	-10,4
Табиғи газ	4,23	13,7	6,9	144,5
Мыс	456,00	-2,2	6,0	17,0
Темір	843,50	2,9	5,4	-16,2
Алтын	2 936,05	1,9	6,5	45,1
Күміс	33,01	0,5	5,1	44,9
Астық	590,00	-1,7	6,5	1,2

Экономикалық уақиғалар күнтізбесі

	Валюта	Болжам	Алдыңғы
24.02 <u>Тұтыну бағаларының индексі (ТБИ) (ж/ж) (қаңтар)</u>	JPY	0,3%	0,4%
25.02 <u>Германияның ЖІӨ (тоқсан/тоқсан) (4-тоқсан)</u>	USD		
25.02 <u>АҚШ-тағы "Conference Board" дайындаған тұтынушылардың сенім индексі (ақпан)</u>	GBP	2,8%	2,5%
27.02 <u>ЖІӨ (тоқсан/тоқсан) (4-тоқсан)</u>	USD		
28.02 <u>Германиядағы тұтыну бағаларының индексі (ТБИ) (ай/ай) (ақпан)</u>	USD	51,2	51,2
28.02 <u>Жеке тұтыну шығысының базалық баға индексі (ж/ж) (қаңтар)</u>	USD	53,2	52,9

Анықтама: күнтізбе KASE пікірі бойынша ағымдағы аптадағы ең маңызды экономикалық уақиғаларды қамтиды

В – миллиард  
М – миллион  
Қ – мың  
Алдыңғы ай

Қазақстанның макроэкономикалық статистикасы

	Мәні	Күні	Алдыңғы
Жылдық инфляция	8,9%	01.02.25	8,6%
ҚРҰБ жалпықлттық резервтер, млрд USD	47,2	01.02.25	45,8
Ақша базасы, млрд KZT	14 012,2	01.02.25	14 606,5
Ақша масса, млрд KZT	44 684,1	01.02.25	45 660,0

Қазақстанның несие рейтингі

	Рейтинг	Күні	Алдыңғы
	BBB-/A-3 тұрақты	21.02.25	BBB-/A-3 тұрақты
	Baa1/тұрақты	09.09.24	Baa2/позитивті
	BBB/тұрақты	17.05.24	BBB/тұрақты



## "Қазақстан қор биржасы" АҚ

**Мекен-жайы:** Қазақстан Республикасы,  
050040, Алматы қ., Байзақов 280 БЦ  
"Almaty Towers"

**Тел.:** +7 (727) 237 53 00




**Корпоративтік веб-сайт**



**Бізбен байланысыңыз**



**Листингілік компаниялардың  
корпоративтік оқиғалар  
күнтізбесі**



Осы есетегі ақпараттар мен пікірлерді "Қазақстан қор биржасы" АҚ (әрі қарай - KASE) мамандары әзірледі. KASE осы есебінде берілген ақпараттардың толық әрі дәл, дұрыс болуына кепілдік бермейді. KASE де, қызметкерлердің біреуі де осы есептің немесе онда ұсынылған мәліметтер мен талдауларың пайдалану нәтижесінде келген зиянға жауап бермейді.

KASE осы есепті үнемі жаңартуға жауап бермейді, сондай-ақ осы есепті дайындаған сәттен бастап, барлық өзгерістер туралы хабарлауға жауап бермейді:

1. Қаржы құралдарына түсетін инвестициядан табыс көбінесе нарықтық және нарықтық емес факторлардан туындайды. Көбінесе, инвестордың нақты кірісіне пайыздық мөлшерлемелердің ауытқулары, салық төлеу нормалары, валюталық бағам қозғалысы, бағалы қағаздардың баға белгілеулерін, нарықтық индекстердің, компанияның өндірістік және қаржылық көрсеткіштерін өзгерту, сондай-ақ басқа факторлар.
2. Өткен қорытындылар болашақтағы көрсеткіштердің қандай болатынын үнемі көрсете бермейді. Сонымен қатар, болашақтағы нәтижелер бағасы орындалмайтын ұйғарымдарға негізделген. Кез келген инвестиция мен кірістің құны төмендеуі немесе жоғарылауы мүмкін, оның нәтижесінде инвесторлар барлық инвестицияланған соманы кері ала алмайды. Инвестициялар үшін жалпыға танымал нарық боламан жағдайда инвесторлар түрлі қиындықтарға кездеседі, мәселен олардың сатылуы немесе олардың тәуекелімен байланысты оның құны туралы сенімді ақпарат алудан бастап.
3. Есеп жеке қаржы ерекшеліктер мен оны алатын тұлғалардың мақсатын ескермей жасалған.

KASE инвесторларға қандай да бір инвестициялар мен стратегиялардың мақсаттылығын бағалауды ұсынады және қаржы кеңесшілерінің қызметін пайдалануға шақырады.

Есеп берудің барлық құқықтары KASE тиесілі. Осы талдау материалын тарату және/немесе толық өндіру KASE жазбаша келісімінсіз жүзеге асырылады.